

"Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 бүйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 166 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 1 маусымда № 13761 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 25 мамырдағы № 181 бүйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.05.2020 № 181 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.
РҚАО - ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз!

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11223 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өндеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он құн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ бес жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру

үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қағидалардың 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 7-тармағының 3) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

2016 жылғы 5 мамыр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2016 жылғы 4 мамыр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2016 жылғы 3 мамыр

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің

2016 жылғы 8 сәуірдегі

№ 166 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің

2015 жылғы 6 сәуірдегі

№ 4-4/305 бұйрығымен

бекітілген

Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде тыңайтқыштарды (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау (бұдан әрі – субсидиялар) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) отандық тыңайтқыштарды өндіруші (бұдан әрі – тыңайтқыштарды өндіруші) – Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, Қазақстан Республикасында тыңайтқыштарды (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) өндіруді жүзеге асыратын және оларды тіrkеген жеке немесе заңды тұлға;

2) тыңайтқыштарды жеткізуші – шетелдік өндірістің тыңайтқыштарын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) өткізууді жүзеге асыратын және оларды тіrkеген жеке немесе заңды тұлға;

3) тыңайтқыштарды сатушы – тыңайтқыштарды өндіруші, тыңайтқыштарды жеткізуші немесе шетелдік тыңайтқыштарды өндіруші;

4) шетелдік тыңайтқыштарды өндіруші – шетелдік өндіріс тыңайтқыштарын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) тіrkеген Қазақстан Республикасының бейрезиденті.

3. Тыңайтқыштарды өндірушілер тізбесін инвестициялар және даму саласындағы уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының сұратуы бойынша береді.

4. Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограмына, литріне) арналған субсидиялардың шекті нормалары (бұдан әрі – тыңайтқыштар тізбесі мен субсидиялар нормалары) екі данада жасалады және облыс, республикалық маңызы бар қала, Астана әкімінің, олар болмаған жағдайда – олардың міндеттерін атқарушы адамдардың қолы қойылған ілеспе хатпен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) келісуге беріледі.

Тыңайтқыштар тізбесі мен субсидиялар нормаларын Министрлікке келісуге берген кезде субсидиялардың белгіленген нормасын негіздейтін құжаттар (тыңайтқыштарды ғылыми негізделген енгізу нормаларын ескере отырып

субсидиялауға жататын тыңайтқыш түрлерінің көлемдері бойынша есептемелер, тиісті тыңайтқыштар түрлерінің қалыптасқан нарықтық бағаларын растайтын құжаттар) қоса беріледі.

Оң шешім шығарған жағдайда, Министрлік тыңайтқыштар тізбесі мен субсидиялар нормаларының бір данасын тиісті ілеспе хатпен кері қайтарады. Теріс шешім шығарған жағдайда, Министрлік тыңайтқыштар тізбесі мен субсидиялар нормаларының екі данасын да дәлелді негіздемесі бар хатпен пысықтауға жолдайды.

Тыңайтқыштар тізбесі мен субсидиялар нормалары облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қаулысымен бекітіледі.

Тыңайтқыштар тізбесі мен субсидиялар нормаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы тармақтың бірінші – төртінші бөліктерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Облыстың (бұдан әрі – облыс басқармасы), респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ауыл шаруашылығы басқармалары (бұдан әрі – қала басқармасы) тыңайтқыштар құнын субсидиялау жөніндегі ай сайынғы жеке қаржыландыру жоспарын оны бекіткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде тиісті интернет-ресурста орналастырады.

2. Субсидиялар алушылар

6. Субсидиялар ағымдағы жылы және өткен жылғы 4 (төртінші) тоқсанда тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштарға жұмсалған шығындарды өтеу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге (бұдан әрі – ауылшартауарынөндіруші) төленеді.

3. Субсидиялар алу шарттары

7. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған жағдайда төленеді:

1) ауылшартауарынөндірушінің осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толық құнымен сатып алынған тыңайтқыштар үшін субсидиялар алуға өтінімді (бұдан әрі – өтінім):

ауданның, респубикалық маңызы бар қаланың ауыл шаруашылығы бөліміне (бұдан әрі – бөлім) немесе қала басқармасына не "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) жазбаша нысанда;

не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде беруі.

Ауылшартауарынөндіруші тыңайтқыштарды шарт негізінде тыңайтқыштарды өндірушіден арзандатылған құнмен сатып алған жағдайда осы

Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзіне тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді (бұдан әрі – төлеу туралы өтінім):

бөлімге немесе қала басқармасына не Мемлекеттік корпорацияға жазбаша нысанда;

не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде береді.

Бұл жағдайда субсидиялар тыңайтқыштарды өндірушіге төленеді;

2) өтінім берушіде жерді пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участкерінің болуы;

3) ауылшартауарынөндірушінің облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы бекіткен тұқым сатып алу (пайдалану) нормаларына сәйкес көлемде өткен жылғы 4 (төртінші) тоқсанда немесе алғашқы жылы бірінші көбейтілгеннен төмен емес тұқымдарды және (немесе) алғашқы буын будандарын (мақтаның екінші көбейтілгеннен төмен емес тұқымын) сатып алуы (бар болуы) (осы тармақша бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіруші шаруашылықтарға, тұқым өсіруші шаруашылықтарға, ауыл шаруашылығы бейініндегі ғылыми-зерттеу үйимдарына және көкөніс пен бақша дақылдарын, көпжылдық дәнді және бұршақты шөптер өсірген кездегі тыңайтқыштарға субсидия алуға өтінім берген ауылшартауарынөндірушілерге қолданылмайды).

4. Субсидияларды есептеу тәртібі

8. Субсидиялар ауылшартауарынөндіруші өтінім берген тыңайтқыштардың түрлеріне және көлеміне (өтінімдерде көрсетілген егістік алаңына енгізуудің ғылыми-негізделген нормаларын ескере отырып) және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы бекіткен тыңайтқыштар тізбесі мен субсидиялар нормаларына сүйене отырып есептеледі.

9. Тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алғанған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограмына, литріне) арналған субсидиялар нормалары пайыздық қатынаста:

1) отандық өндіріс тыңайтқыштарын сатып алған кезде өткізілген тыңайтқыш құнының 50 %-ына (қоса алғанда) дейін;

2) шетелдік өндіріс тыңайтқыштарын сатып алған кезде алғанған тыңайтқыштар құнының 30 %-ына (қоса алғанда) дейін құрайды.

Осы Қағидалардың 4-тармағының төртінші бөлігіне сәйкес субсидиялар нормалары белгіленген кезде отандық және шетелдік өндіріс тыңайтқыштарына арналған субсидиялар мөлшерлері арасындағы айырмашылық Қағидалардың осы тармағында белгіленген айырмашылықта барабар сәйкес келеді.

10. Ауылшартауарынөндіруші құны субсидия нормасына есептелген тыңайтқыштың құнынан төмен тыңайтқыштарға өтінім немесе төлеу туралы өтінім берген жағдайда, субсидияларды есептеу нақты сатып алынған тыңайтқыштар құнынан жүргізіледі.

Ауылшартауарынөндіруші құны субсидия нормасына есептелген тыңайтқыштың құнынан жоғары тыңайтқыштарға өтінім немесе төлеу туралы өтінім берген жағдайда, субсидиялар облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы бекіткен, субсидиялар нормасы есептелген тыңайтқыш құны бойынша төленеді.

11. Тыңайтқыштар құнында қосылған құн салығы, қаптау, таңбалау құны, республиканың тиісті өніріндегі жеткізу (жіберу) пунктіне дейінгі көлік шығыстары ескеріледі.

5. Субсидиялар төлеу тәртібі

12. Тиісті жылдың 1 наурызына дейін бөлім (қала басқармасы) жылдың табиғи-климаттық жағдайын ескере отырып, өтінімдерді немесе төлеу туралы өтінімдерді қабылдау басталатын және аяқталатын күнді белгілейді және тиісті интернет-ресурста, сондай-ақ ресми баспа басылымдарында өтінімдерді немесе төлеу туралы өтінімдерді қабылдаудың басталуы мен аяқталуы туралы хабарландыруды орналастырады.

Бұл ретте өтінімдерді немесе төлеу туралы өтінімдерді қабылдау аяқталатын күн тиісті жылдың 1 желтоқсанынан ерте белгіленеді.

13. Бөлім (қала басқармасы) ауылшартауарынөндіруші өтінім немесе төлеу туралы өтінім ұсынған сэттен бастап екі жұмыс күні ішінде олардың осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкестігін тексереді.

Өтінімді немесе төлеу туралы өтінімді қабылдау кезінде ауылшартауарынөндірушіге күні мен уақыты, өтінімді немесе төлеу туралы өтінімді қабылдаған адамның тегі және аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

14. Бөлім өтінімді немесе төлеу туралы өтінімді тексеру аяқталғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде ауылшартауарынөндірушіге субсидиялар беруде он шешім болған жағдайда, өтінімді немесе төлеу туралы өтінімді облыс басқармасына жібереді, теріс шешім болған жағдайда, субсидиялар бермеудің себептерін көрсете отырып, ауылшартауарынөндірушіні жазбаша түрде хабардар етеді.

Бұл ретте бөлім осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар бермеудің себебін көрсете отырып, субсидиялар беруде теріс шешім

қабылданған ауылшартауарынөндірушілердің тізбесін жасайды және оны ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5-іне дейінгі мерзімде облыс басқармасына беріп отырады.

Субсидиялар беруде теріс шешім "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабының 2-тармағымен белгіленген негіздер бойынша қабылданады.

15. Облыс басқармасы екі жұмыс күні ішінде:

өтінім түскеннен кейін қазынашылықтың аумақтық бөліміне ауылшартауарынөндірушілердің шотына тиесілі субсидияларды аудару үшін төлем шоттарының тізілімін және (немесе) төлем шотын береді;

төлеу туралы өтінімдер түскеннен кейін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тыңайтқыштарды отандық тыңайтқыштарды өндірушіден арзандатылған құнмен сатып алған кезде ауылшартауарынөндірушілерге тиесілі субсидияларды төлеу туралы мақұлданған өтінімдер тізімін (бұдан әрі – төлеу туралы мақұлданған өтінімдер тізімі) жасайды, оны тиісті интернет-ресурста орналастырады және бір мезгілде тыңайтқыштарды өндірушіге жібереді.

16. Тыңайтқыштарды өндіруші төлеу туралы мақұлданған өтінімдер тізімі түскеннен кейін ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5-іне дейінгі мерзімде облыс басқармасына осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауылшартауарынөндірушілер бөлінісінде субсидияланатын тыңайтқыштардың нақты өткізілген көлемдері жөніндегі тізілімді (бұдан әрі – нақты сату тізілімі) береді.

17. Облыс басқармасы нақты өткізу тізілімі түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде қазынашылықтың аумақтық бөліміне тыңайтқыштарды өндірушілердің шоттарына тиесілі субсидияларды аудару үшін төлем шоттарының тізілімін және (немесе) төлем шотын береді.

18. Қала басқармасы өтінімді тексергеннен кейін екі жұмыс күні ішінде ауылшартауарынөндірушіге субсидиялар беруде он шешім болған жағдайда, қазынашылықтың аумақтық бөліміне ауылшартауарынөндірушілердің шоттарына тиесілі субсидияларды аудару үшін төлем шоттарының тізілімін және (немесе) төлем шотын береді, теріс шешім болған жағдайда, субсидиялар бермеудің себебін көрсете отырып, ауылшартауарынөндірушіні жазбаша түрде хабардар етеді.

Бұл ретте қала басқармасы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар бермеудің себебін көрсете отырып, субсидиялар беруде теріс шешім қабылданған ауылшартауарынөндірушілердің тізбесін жасайды.

Субсидиялар беруде теріс шешім "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабының 2-тармағымен белгіленген негіздер бойынша қабылданады.

19. Қала басқармасы екі жұмыс күні ішінде төлеу туралы өтінімдер түскеннен кейін төлеу туралы мақұлданған өтінімдер тізімін жасайды, оны тиісті интернет-ресурста орналастырады және бір мезгілде тыңайтқыштарды өндірушіге жібереді.

20. Тыңайтқыштарды өндіруші төлеу туралы мақұлданған өтінімдер тізімі түскеннен кейін ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5-іне дейінгі мерзімде қала басқармасына нақты өткізу тізілімін беріп отырады.

21. Қала басқармасы нақты өткізу тізілімі түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде қазынашылықтың аумақтық бөліміне тыңайтқыштарды өндірушілердің шоттарына тиесілі субсидияларды аудару үшін төлем шоттарының тізілімін және (немесе) төлем шотын береді.

6. Субсидиялау жөніндегі есептілік

22. Облыс басқармасы (қала басқармасы) тиісті жылдың 5 шілдесіне және 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде Министрлікке осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпаратты және субсидиялар бермеудің себебін көрсете отырып, субсидиялар беруде теріс шешім қабылданған ауылшартауарынөндірушілер туралы ақпаратты береді.

Субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпарат облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдының интернет-ресурсында тиісті жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірілмей орналастырылады.

Тыңайтқыштардың құнын (органикалық
тыңайтқыштарды қоспағанда)
субсидиялау қағидаларына
1-қосымша

Нысан
(кімге) _____ облысының _____

—
(ауданның, облыстық маңызы бар қаланың
жергілікті атқарушы органдының толық атауы)
респубикалық маңызы бар қаланың, астананың _____
(кімнен)

—
(занды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің
аты (жеке басын күеландыратын құжатта бар болған жағдайда))

Толық құнымен сатып алынған тыңайтқыштар үшін субсидиялар алуда етінім

Тыңайтқыштарды сатушыдан _____ тонна (килограмм, литр) көлемінде
сатып алынған _____ үшін маған _____ теңге
(тыңайтқыш түрі) (сома санмен және жазбаша)
мөлшерінде субсидия төлеуді сұраймын.

№	Деректер көзі*	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
1.	Занды тұлға үшін – занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама	БСН тіркеу номірі тіркеу күні атауы орналасқан жері мемлекеттік тіркеу күні кім берді	
2.	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат	жеке басын куәландыратын құжаттың номірі ЖСН кім берді берілген күні	
3.	Жеке тұлға үшін – дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	орналасқан жері тіркеу күні кім берді	
3.	Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама**	БСН тіркеу номірі тіркеу күні атауы орналасқан жері мемлекеттік тіркеу күні кім берді субсидия тиесілі ауыл шаруашылығы кооперативі мүшесінің атауы	
		субсидия тиесілі ауыл шаруашылығы кооперативі мүшесінің БСН/ ЖСН актінің номірі	

		кадастрық нөмірі	
		барлық алан, гектар	
		оның ішінде егістік	
		нысаналы мақсаты	
4.	Жер участкесіне сәйкестендіру және (немесе) күкүк белгілейтін құжат	сәйкестендіру құжатының нөмірі мен берілген күні, кім берді	
		жер участкесі иесінің немесе жерді пайдалануышының атауы	
		ЖСН/БСН	
		Кбе	
5.	Ағымдағы шоттың бар екендігі туралы екінші деңгейдегі банктің не почтаның ұлттық операторының анықтамасы	Банктің не почта операторының деректемелері: Банктің не почта операторының атауы :	
		БСК	
		ЖСК	
		БСН	
		Кбе	
		шарттың нөмірі	
		шартты жасау күні	
6.	Ауылшартауарынөндіруші мен тыңайтқыштарды сатушының арасындағы сатып алу-сату шарты***	тыңайтқыштарды сатушының атауы	
		тыңайтқыштарды сатушының орналасқан жерінің мекенжайы	
		тыңайтқыштың атауы	
		тыңайтқыштың көлемі, тонна (кілограмм, литр)	
		төлеу мерзімі	
		жеткізу (жіберу) пункті	
		шот-фактура нөмірі	
		берілген күні	
		тыңайтқыштарды сатушының атауы	
		тыңайтқыштарды сатушының	

7.	Тыңайтқыштарды сатып алуға жұмсалған шығындарды растайтын (өтінім берген кезде) төлем құжаттары (шот-фактуралар және тауарды жеткізу жүккүжаты (актісі)***	орналасқан жерінің мекенжайы тыңайтқышты сатушының ЖСК тауарлық-көліктік жүккүжаттың нөмірі (шетелдік өндірістің тыңайтқыштары үшін)	
8.	Жүктік кедендік декларация (Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елден тыңайтқыш сатып алған ауылшартауарынөндіруші үшін)***	қабылдау-тапсыру актісінің нөмірі (отандық өндіріс тыңайтқыштары үшін) тыңайтқыштың атауы өлшем бірлігі саны (көлемі) ҚҚС-мен бағасы (тенге) өткізу құны, барлығы нөмірі берілген күні тыңайтқыштарды сатушының атауы тыңайтқыштарды сатушының орналасқан жерінің мекенжайы	
9.	Tayap Еуразиялық экономикалық одақтан әкелінгенін растайтын салық органды берген құжат***	нөмірі берілген күні тыңайтқыштарды сатушының атауы тыңайтқыштарды сатушының орналасқан жерінің мекенжайы	
10.	Сатып алынған тыңайтқыштарға арналған сәйкестік сертификаты***	сертификаттың нөмірі сертификаттың колданылу мерзімі сәйкестендірілген өнім (атауы, шығарушы ел) өтінім беруші (атауы, мекенжайы) кім берді	

			нөмірі мен берілген күні	
11	Тауардың шыққан жері сертификаты***		тауардың атавы	
			экспорттаушы/жұк жөнелтуші	
			импорттаушы/жұк алушы	
12	Химиялық өнімді тіркеу туралы күәлік***		куәлік нөмірі	
			химиялық өнімнің толық атавы	
			өндіруші фирма	
			куәліктің қолданылу мерзімі	
			тіркеу күні	
			кім берді	
13	Тұқымдардың сорттық және егіс сапаларын раставайтын құжат. Тұқым сатып алған жағдайда – тұқымға арналған аттестат не тұқымға арналған күәлік, егіс үшін өзі өндірген тұқымды пайдаланған жағдайда – байқаудан өткізу актісі мен тұқымдардың кондициялылығы туралы күәлік не байқаудан өткізу актісі мен тұқымдарды талдау нәтижесі****		құжаттың атавы	
			нөмірі	
			берілген күні	
			тұқым өндіруші	
			сорт	
			репродукция	
			тұқым көлемі, тонна (килограмм)	

Ескертпе:

* Өтінім берушіден аталған құжаттардың түпнұсқаларын және көшірмелерін талап етуге жол берілмейді.

** Жоғарыда көрсетілген кестенің 3-жолында көрсетілген мәліметтер субсидия тиесілі ауыл шаруашылығы кооперативінің әр мүшесіне толтырылады.

*** Көрсетілген құжаттардағы мәліметтер әр тыңайтқыш түрі үшін толтырылады.

**** Жоғарыда көрсетілген кестенің 13-жолында көрсетілген мәліметтерді толтыру талаптары 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Тиесілі субсидиялар есептемесі

№	А у ы л шаруашылығы дақылының атауы, сүрі жер	Алаңы , гектар	Тыңайтқыш түрі	1 гектарға тыңайтқыш колданудың ғылыми ұсынылған нормалары (килограмм , литр) нақты салмақта	Тыңайтқыштың алан, гектар	Тыңайтқыштың алаңға арналған тыңайтқыш көлемі (тонна, килограмм, литр) (5-б. x 6-б.)	Тыңайтқыштың 1 тоннасының (килограммының, литрінің) бағасы, тенге	Жалпы күны, тенге (7-б. x 8-б.)	Тыңай 1 тоғ килог литр арнај субси норма тенге
---	---	----------------------	-------------------	---	------------------------------	--	---	---	---

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жиыны									

Ауыл шаруашылығы дақылы және оны егу ауданы Ауыл шаруашылығы өнімінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын оңтайлы пайдалану бойынша өнірлерді мамандандырудың ұсынылатын схемасына сай таңдалғанын және орналасқанын растаймын.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болған жағдайда)

Бас бухгалтер (бар болса) _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болған жағдайда)

Мөр орны (занды тұлғалар үшін)

20__ жылғы "___" _____

Өтінім 20__ жылғы "___" _____ қарауға қабылданды.

(қолы) (өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болған жағдайда)

-----Жырту сзығы-----

Талон

№ _____

Өтінім қарастыруға 20__ жылғы "___" _____ сағат ____ минутта қабылданды.

(өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің (қолы) аты, жеке басын куәландыратын құжатта бар болған жағдайда)

Тыңайтқыштардың құнын (органикалық
тыңайтқыштарды қоспағанда)
субсидиялау қағидаларына
2-қосымша

Нысан

_____ облысының (ауданының, облыстық маңызы бар қаланың),
_____ республикалық маңызы бар қаланың, астананың
(жергілікті атқарушы органының толық атауы)

(занды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің
аты (жеке басын қуәландыратын құжатта бар болған жағдайда)

**Тыңайтқыштарды отандық тыңайтқыштарды өндірушіден арзандатылған
құнмен сатып алған жағдайда тиесілі субсидияларды төлеу туралы
етінім**

Осымен _____ арзандатылған
құнмен

(отандық тыңайтқыштарды өндірушінің атауы)

_____ тонна (килограмм, литр) көлемінде _____ тыңайтқыш
(тыңайтқыш түрі)

сатып алу-сату шартын жасағанымды хабарлаймын және маған тиесілі
_____ теңге мөлшеріндегі субсидияны
(сома санмен және жазбаша)

_____ отандық тыңайтқыштарды
өндіруші

(отандық тыңайтқыштарды өндірушінің атауы)

тыңайтқыштардың нақты сатылған көлемдері жөніндегі тізілімді
ұсынғаннан кейін _____ отандық
тыңайтқыштарды

(отандық тыңайтқыштарды өндірушінің атауы)

өндірушіге аударуды сұраймын.

№	Деректер көзі*	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
		БСН	
		тіркеу нөмірі	
		тіркеу күні	
		атауы	
1.	Занды тұлға үшін – занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы күелік немесе аныктама	орналасқан жері	

		мемлекеттік тіркеу күні	
		кім берді	
		жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі	
2.	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат	ЖСН кім берді берілген күні	
	Жеке тұлға үшін – дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік	орналасқан жері тіркеу күні кім берді	
		БСН тіркеу нөмірі тіркеу күні атауы орналасқан жері мемлекеттік тіркеу күні кім берді	
3.	Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін – мемлекеттік тіркеу (кайта тіркеу) туралы қуәлік немесе анықтама**	субсидия тиесілі а уыл шаруашылығы кооперативі мүшесінің атауы	
		субсидия тиесілі а уыл шаруашылығы кооперативі мүшесінің БСН/ ЖСН	
		актінің нөмірі	
		кадастрық нөмірі	
		барлық алаң, гектар	
		оның ішінде егістік	
		нысаналы мақсаты	
4.	Жер участкесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат	сәйкестендіру құжатының нөмірі мен берілген күні, кім берді	
		жер участкесі иесінің немесе	

			ж е р д і пайдаланушиның атауы	
			шарттың немірі	
			шартты жасау күні	
			тыңайтқыштарды сатушының атауы	
5.	Ауылшартауарынөндіруші мен отандық тыңайтқыштарды өндіруші арасындағы сатып алу-сату шарты***		тыңайтқыштарды сатушының орналасқан жерінің мекенжайы	
			тыңайтқыштың атауы	
			тыңайтқыштың көлемі, тонна (килограмм, литр)	
			төлеу мерзімі	
			межелі (босату) пункті	
6.	Тұқымдардың сорттық және егістік сапаларын раставтын құжат. Тұқым сатып алынған жағдайда –тұқымға арналған аттестат немесе тұқымға арналған күәлік, себебі үшін өзі өндірген тұқымды пайдаланған жағдайда – байқаудан өткізу актісі мен тұқымдардың кондициялылығы туралы күәлік не байқаудан өткізу актісі мен тұқымдарға талдау жасау нәтижесі****		құжаттың атауы	
			нөмірі	
			берілген күні	
			тұқым өндіруші	
			сорт	
			репродукция	
			тұқым көлемі, тонна (килограмм)	

Ескертпе:

* Өтінім берушіден аталған құжаттардың тұпнұсқаларын және көшірмелерін талап етуге жол берілмейді.

** Жоғарыда баяндалған кестенің 3-жолында көрсетілген мәліметтер субсидия тиесілі ауыл шаруашылығы кооперативінің әр мүшесіне толтырылады.

*** Көрсетілген құжаттардағы мәліметтер тыңайтқыштың әрбір түріне толтырылады.

****Жоғарыда көрсетілген кестенің 6-жолында көрсетілген мәліметтерді толтыру талаптары 2017 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Тиесілі субсидиялар есептемесі

			1 гектарга тыңайтқыш		Тыңайтылатын алаңға	
--	--	--	-------------------------	--	------------------------	--

№	А у ы л шаруашылығы дақылның атауы, сүрі жер	Алаңы гектар	Тыңайтқыш түрі	қолданудың ғылыми ұсынылған нормалары (килограмм , литр) нақты салмақта	Тыңайтылатын алаң, гектар	арналған тыңайтқыш көлемі (тонна, килограмм, литр) (5-б. х 6-б.)	Тыңайтқыштың 1 тоннасының (килограммының, литрінің) бағасы, тенге	Жалпы құны, тенге (7-б. х 8-б.)	Тыңайтқыштың 1 тоғ килог литрі арнал субси норма тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Жиыны								

Ауыл шаруашылығы дақылы және оны егу ауданы Ауыл шаруашылығы өнімінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын оңтайлы пайдалану бойынша өнірлерді мамандандырудың ұсынылатын схемасына сай таңдалғанын және орналасқанын растаймын.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болған жағдайда)

Бас бухгалтер (бар болса) _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болған жағдайда)

Мөр орны (занды тұлғалар үшін)

20 __ жылғы " __ " _____

Отінім 20 __ жылғы " __ " _____ қарауға қабылданды.

(қолы) (өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болған жағдайда)

-----Жырту сзығы-----

Талон

№ _____

Өтінім қарастыруға 20__ жылғы "__" __ __ __ сағат __ минутта қабылданды.

(өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің (қолы) аты, жеке басын күеландыратын құжатта бар болған жағдайда)

Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда)
субсидиялау қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Субсидиялар беруде теріс шешім қабылданған ауылшартауарынөндірушілердің тізбесі

№	Аудандардың атауы	Ауылшартауарынөндірушінің атауы	Ауылшартауарынөндірушінің БСН/ЖСН	Ауылшартауарынөндірушінің өтінімін қабылдау күні
1	2	3	4	5
Жиыны : :				

Аудан, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын күеландыратын құжатта бар болған жағдайда)

Мөр орны

Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда)

субсидиялау қағидаларына
4-қосымша

Нысан

**Тыңайтқыштарды отандық тыңайтқыштарды өндірушіден арзандатылған
құнмен сатып алған кезде ауылшартауарынөндірушілерге тиесілі
субсидияларды төлеу туралы макулданған өтінімдер тізімі**

№	Аудандардың атауы	Ауылшартауарынөндірушінің атауы	Ауылшартауарынөндірушінің БСН/ЖСН	Сатып алу-сату шартының күні, №	Тыңайтқыш түрі	Өлшем бірлігі (тонна, (кілограмм, літр)
1	2	3	4	5	6	7

_____ облысының, республикалық маңызы бар қаланың,
астананың жергілікті атқарушы органдарының ауыл шаруашылығы
басқармасының басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын
құжатта бар болған жағдайда)
Мөр орны

Тыңайтқыштардың құнын (органикалық
тыңайтқыштарды қоспағанда)
субсидиялау қағидаларына
5-қосымша

Нысан

**Ауылшартауарынөндірушілер бөлінісінде субсидияланатын
тыңайтқыштардың нақты өткізілген көлемдері жөніндегі тізілім**

(Отандық тыңайтқыштарды өндірушінің атауы)

1 тон килог , ли құны 1 то килог литр тиес субси	Жасалған шарттар	
	сатып алу-сату шартының күні, №	көлемі, тонна (кілограмм , літр)
Өлшем бірлігі (

Тыңайтқыш түрі	Ауылшартауарынөндірушінің атауы	Ауылшартауарынөндірушінің БСН/ЖСН	тонна, (кілограмм, літр)	норм шеге таста:

Ескертпе: көрсетілген тізлімге сапасыз тауар жеткізу себебімен немесе өзге де себептермен сатып алу-сату шартын орындаудан бас тартқан және сатып алынған тыңайтқыштар үшін ақша қаржатын қайтаруды талап еткен ауылшартауарынөндірушілер енгізілмейді.

Отандық тыңайтқыштарды өндірушінің деректемелері

Мәліметтер	Деректер
ЖСН/БСН	
Кбе	
Банктің немесе почта операторының деректемелері:	
Банктің немесе почта операторының атауы:	
БСК	
ЖСК	
БСН	
Кбе	

Отандық тыңайтқыштарды өндіруші (бірінші басшы)

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын күэландағыратын құжатта бар болған жағдайда)

Мөр орны

Отандық тыңайтқыштарды өндірушінің бас бухгалтері

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын күэландағыратын құжатта болған жағдайда)

Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда)
субсидиялау қағидаларына
6-қосымша

Нысан

облысы, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша жылға арналған субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпарат

№	Аудандардың атавы	Ауылшартауарынөндірушінің атавы	Ауылшартауарынөндірушінің БСН/ЖСН	А у ы л шаруашылығы дақылының атавы, сүрі жер	Тыңайтқыш атавы	Өндірітийстіл (отандыштеде)

облысының, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқаруышы органдының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын қуәландыратын құжатта болған жағдайда)

Мөр орны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүктық ақпарат институты» ШЖҚ РМК